

## Мемлекеттік қызмет паспорты

«Мүмкіндіктері шектеулі балаларды психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру және оларға консультациялық көмек көрсету» мемлекеттік көрсетілетін қызметінің паспорты

1	<b>Көрсетілетін қызметті беруші</b>	Психологиялық - медициналық - педагогикалық консультациялар
2	<b>Көрсетілетін қызметті тұтынушылар</b>	Жеке тұлғалар
3	<b>Көрсетілетін қызметтің нысаны</b>	қағаз түрінде.
4	<b>Көрсетілетін қызметті ұсыну орны</b>	қызметті берушінің кеңсесі арқылы
5	<b>Жұмыс кестесі</b>	<p>Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі – жұма аралығында және Министрліктің <a href="http://www.edu.gov.kz">www.edu.gov.kz</a> интернет-ресурсында «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде <u>көрсетілген</u> белгіленген жұмыс кестесі бойынша. Өтініш қабылдау және нәтижесін беру белгіленген жұмыс кестесі бойынша сағат 09.00-ден 17.30-ға дейін атқарылады.</p> <p>Телефон және/немесе тікелей жүгіну арқылы алдын ала жазылу қарастырылған.</p>
6	<b>Қажетті құжаттар</b>	<p>1) туу туралы куәліктің көшірмесі (тексеру үшін түпнұсқасы);</p> <p>2) бар болса – мүгедектігі туралы қорытындының көшірмесі;</p> <p>3) денсаулығына байланысты үйде оқыту қажеттілігі туралы дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы (үйде оқитын балалар үшін).</p> <p>Қажет болған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші тереңінен тексеру үшін мынадай құжаттарды қосымша сұратады:</p> <p>1) денсаулық сақтау ұйымының алғашқы</p>

		<p>медициналық құжаттама нысандары: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) № 112/у «Баланың даму тарихы» нысаны, № 027/у «Амбулаториялық, стационарлық науқастың медициналық картасынан көшірме» нысаны;</p> <p>2) білім беру ұйымынан психологиялық-педагогикалық мінездеме;</p> <p>3) оқыту тілі бойынша, математикадан жазба жұмыстары, суреттері және іс-әрекетінің басқа да нәтижелері.</p>
7	<b>Көрсетілетін қызметтің құны мен ақы төлеу тәртібі</b>	Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға тегін көрсетіледі
8	<b>Көрсетілетін қызметті көрсету мерзімі</b>	<p>1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері қажетті құжаттарды тапсырған сәттен немесе телефон арқылы өтініш білдіргеннен бастап 10 (он) минут ішінде оларды қабылдауды немесе телефон арқылы сұрақ қоюды жүзеге асырады, алдын ала тіркеу журналында тіркеу жүргізеді және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына бұрыштама қоюға жолдайды;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы 5 (бес) минут ішінде бұрыштама қояды, тексеру және кеңес беру күні мен уақытын белгілейді және құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысына (ларына) жолдайды;</p> <p>3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы (лары) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде құжаттарды қарайды, ұзақтығы 1 (бір) сағатты құрайтын психологиялық - медициналық - педагогикалық тексеру және кеңес беруді жүргізеді және қорытындыны дайындайды және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қол қоюға жолдайды;</p> <p>4) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы 5 (бес) минут ішінде қорытындыға қол қояды, кеңсеге жібереді;</p> <p>5) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері 5 (бес) минут ішінде мемлекеттік қызмет көрсетудің дайын нәтижесін көрсетілетін қызметті алушыға береді.</p>

9	<b>Көрсетілетін қызметтің нәтижесі</b>	ұсынылатын оқыту, медициналық және әлеуметтік қызметтерді, білім беру бағдарламасының нысаны көрсетілген мемлекеттік жазбаша қорытынды
10	<b>Нормативтік-құқықтық актілер</b>	Қазақстан Республикасының «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» 2002 жылғы 11 шілдедегі N 343 Заңы
11	<b>Қосымша ақпарат алуға болады</b>	БҚО Білім басқармасының интернет-ресурсында <a href="http://www.edu-bko.gov.kz">www.edu-bko.gov.kz</a> сайтының «Мемлекеттік қызмет» бөлімінде Телефон:8 (7112) 26-04-66..

**Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызметті берушінің, республикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдарының, және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану стандарттың 3 - бөліміне сәйкес жүзеге асырылады.